

АЗИМЕД КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖИ  
МЕДИЦИНАЛЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ

**ДӘРІС**

Тақырып: Анафилаксиялық шок.

Пән: Жедел медициналық көмек

Мамандық: 0301000 – «Емдеу ісі»

Курс: 4

**Мақсаты:** студент өзін-өзі жетілдіру, топта жұмыс жасай білу, кәсіпқойлық және клиникалық дағдыларды пайдалану арқылы дәрілік аллергия кезінде диагностика жасау мен шұғыл көмекті көрсете алуы керек.

**Оқыту мақсаты:**

Студент білуі керек:

- жедел жәрдем деңгейінде, дәрілік аллергия, анафилаксия кезінде жүргізілетін диагностиканың негізгі қағидаларын көрсетуді
- дәрілік аллергия, анафилаксия кезінде медициналық көмекті алғашқы дәрігерлік көмек көлемінде көрсетуді
- ауруханаға дейінгі кезеңде жеке тұлға аралық қатынас пен науқастарға кеңес беру дағдыларын жүзеге асыруды
- шақыруға шыққан жедел жәрдем бригадаларымен топта жұмыс жасауды

**Оқу және сабақ беру әдістері:** манекенде дағдыларды жүргізте білу, шағын топпен клиникалық есептерді (актуальді мәселені) шешумен жұмыс жүргізту, байланыс.

**Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Анафилаксиялық шоктың анықтамасы
2. Анафилаксиялық шоктың негізгі этиопатогенетикалық механизмі
3. Анафилаксиялық шоктың жіктемесі
4. Анафилаксиялық шоктың клиникалық көрінісі
5. Анафилаксиялық шокты басқа шоктармен ажыратпалы диагноз жүргізу.
6. Анафилаксиялық шокта көмек көрсету алгоритмі

**Есеп**


Әйел адам, 30 жаста. **Шақыру себебі:** тұншығу.

**Шағымы:** тұншығу ұстамасына, ауа жетіспеушілік сезім, терісінде бөртпелердің пайда болуы, қышыну, бетінің ісінуі, кеудесінің ауырсынуы, аяқ астынан пайда болған әлсіздікпен бастың айналуы, суық тер. Жағдайының нашарлауын тағамға грек жаңғағын қолданумен байланыстырады.

**Объективті:** жағдайы ауыр, есі анық, мазасыз. Тыныс алуы қиындалуымен бірге жүретін ентигу. Тері жамылғысы бозғылт, дымқыл, ерін цианозы. Қабақтары ісінген, ішінде және кеудесінде экзантема анықталады. Перифериялық ісінулер жоқ. Дене қызуы 36,7. ТАЖ-28 рет минутына. Аускультацияда өкпеде тыныс алуы везикулярлы, сырыл жоқ. Жүрек тондары тұнық, ритмді. ЖЖЖ -150 рет минутына. Пульсі-150 рет минутына, жіптәріздес. АҚ – 80/30 мм.сын.бағ. Іші жұмсақ, ауырсынусыз. Нәжісі болған жоқ. Диурез азайған.

**ҚОСЫМША ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ:**

1. ЭКГ (жылдамдығы 50 мм/с).



Стационардың қабылдау бөлімінде:

2. Жалпы қан анализі: эр. –  $5,3 \times 10^{12}$ , Нв – 124 г/л, ц.п. - 0,9; л -  $5,5 \times 10^9$ , э - 10, п - 4, с - 56, л - 24, м - 6, ЭТЖ - 15 мм/сағ.
3. Коагулограмма: ПТИ – 100%, фибриноген – 3,3 г/л, АЧТВ – 25 сек.
4. БХА: СРБ++, КФК – 20 Ед/л, АСТ – 38 Ед/л, АЛТ – 30 Ед/л, сахар – 5,8 ммоль/л.

### ЕСЕПКЕ БЕРІЛГЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Болжам диагнозын құрастыру.
2. Болжам диагнозын негіздеу.
3. Зерттеу нәтижелерін интерпретациялау.
4. Жетекші синдром бойынша ажыратпалы диагноз жүргізту.
5. Науқасқа көмек көрсету алгоритмін жүргізту тәсілдерін анықтау.

### ЕСЕПКЕ ЖАУАПТАР

1. Анафилаксиялық шок ІІ дәрежелі, асфиксиялық түрі. Тыныс алу жеткіліксіздігі ІІ дәрежесі.
2. Шағымдарына, анамнез көрсеткіштеріне, пациентті қарау және қосымша зерттеу тәсілдерінің көрсеткіштерін негіздей отырып диагноз қойылды.
3. Тексеру нәтижелерін интерпретациялау:
  - ЭКГ-да: Синусты тахикардия, ритмі дұрыс, ЖЖЖ – 150 рет мин. ЖЭО қалыпты қалыпта ;
  - ЖҚА: патологиясыз;
  - коагулограмма: патологиясыз;
  - БХА: патологиясыз.
4. Стенокардиямен, ӨАТЭ, өкпе ісінуімен, бронх астмасымен, ЖКС, ларинготрахеитпен, инфекциялық-токсикалық және геморрагиялық шокпен ажыратпалы диагностика жүргізіледі.
5. Көмек көрсету алгоритмі:
  - Тренделенбург қалыппен жатқызу;
  - оттегі терапия (ылғалданған оттегі – 30-40 атм.);
  - венаны перифериялық катетермен катетерлеу;

- шокқа қарсы терапия: адреналин 0,18% -0,3-0,5 мл б/е, преднизолон 90-150 мг.к/т құю ;200,0 мл -0,9% NaCl ерітіндісін0,18% -1,0 адреналин ерітіндісімен к/т тамшылатып құю;

- науқастың жағдайы қалыптасқаннан кейін антигистаминді дәрілерді – димедрол 1% - 1,0 б/е;

- тыныштық режим: шаралардың барлығын Тренделенбург қалпында жүргізу, науқасты зембилде Тренделенбург қалпында жақын орналасқан жансақтау бөліміне тасымлдау.

### Критерии оценки

Кәсібилік	Ұпайы	Критерилары
Физикалық қарау	5	Науқасты қарау кезінде студент анықтайды: тері жамылғысы бозғылт және цианозды, перифериялық ісінудің болуын, перифериялық артериялардың пульсациясын, термометрия, жарақат болғанба. <b>Өкпе аускультациясында:</b> ТАЖ, тынысы везикулярлы <b>Жүрек аускультациясында:</b> тахикардия, жүрек тондарының тұйықтығы, ЖЖЖ, АҚ
	3	Студент, науқасты қарағанда анықтайды: тері жамылғысының бозғылт және цианоздығын, термометрия <b>Өкпе аускультациясы:</b> ТАЖ <b>Жүрек аускультациясы:</b> ЖЖЖ, АҚ
	1	Студент, науқасты қарағанда анықтайды: термометрия. <b>Өкпе аускультациясында:</b> ЧДД <b>Жүрек аускультациясында:</b> ЖЖЖ, АҚ
Диагностикалық ізденістер	5	Студент, науқасқа тағайындалған зерттеу сараптамаларын нәтижелі қолдануы : ЖҚА, ЭКГ, БХА
	3	Жартылай интерпретация ЖҚА, ЭКГ және БХА
	1	Фрагментарлы интерпретация ЖҚА, ЭКГ және БХА
Диагнозды тұжырымдау	5	Студент МКБ-10ға сәйкес диагнозды айту : Анафилаксиялық шок II дәрежесі, асфиксиялық түрі. Тынысалу жеткіліксіздігі II дәрежесі.
	3	Студенттер диагнозды толық көлемде айтқан жоқ
	1	Диагноз қойды, бірақ елеулі қателіктермен

Жедел жәрдем көрсету	5	<b>Жедел жәрдем көрсетуде, студенттер нәтижелілігін көрсетті :</b> Аталған критерилердің 7-н дұрыс орындады 1.науқасты Тренделенбург қалпында жатқызды; 2. оксигенотерапия; 3.перифериялық катетермен көктамырды катетерлеу; 4. адреналин 0,18% -0,3-0,5 мл б/е, 5.преднизолон 90-150 мг,к/т,құю ; 6.NaCl 0,9% - 200,0 ерітіндісін,адреналин ерітіндісімен 0,18% - 1,0 мл к/т тамшылатып; 7 науқастың гемодинамикасы қалыптасқаннан кейін.антигистаминді дәрілерді енгізу– супрастин 2% - 1,0 б/е;
	3	Аталған критерилердің 3-5 дұрыс орындады
	1	Аталған критерилердің 1-2 дұрыс орындады
Жағдайын мониторингтеу	5	<b>Студенттер науқастың жағдайын мониторинг жүргізіп және аталған критерилердің 4-н бағалады</b> 1. Пульсоксиметрия 2. АҚ, ЖЖЖ бақылау 3. ТАЖ бақылау 4. Науқастың есін бақылау
	3	Аталған критерилердің 2 дұрыс орындады
	1	Аталған критерилердің 1 дұрыс орындады
Жүргізілетін келесі тактика	5	Шаралардың барлығын Тренделенбург қалпында жүргізу, науқасты зембілде Тренделенбург қалпында жақын орналасқан жансақтау бөліміне тасымлдау.
	3	Науқасты физиологиялық қалпына жатқызып ЖИТБ(ОРИТ)-не и госпитализациялау
	1	ЖИТБ(ОРИТ)-не госпитализациялау
<b>Коммуникативті дағдылыр</b>	5	Команда мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынасы толық.,деркезінде ақпаратпен алмасу нәтижелі
	3	Команда мүшелерінің бір-бірімен қарым – қатынасы қиындау,ақпаратпен алмасу кешігулі
	1	Команда мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынасы деркезінде емес немесе жоқ, ақпаратпен алмасуы селқостау

<b>Командадағы жұмыс дағдылары</b>	5	<ul style="list-style-type: none"> <li>• команда мүшелерінің өз рольдерін нақты орындауы</li> <li>• тапсырма орындауда команданың іштен қолдауы</li> <li>• ресурстарды нәтижелі қолдану</li> <li>• бірігіп жұмыс істеу</li> <li>• команда үйлесімділігі</li> <li>• шешім қабылдау</li> </ul>
	3	<ul style="list-style-type: none"> <li>• команда мүшелерінің өз рольдерін нақты емес орындауы</li> <li>• тапсырма орындауда команданың іштен қолдауы қиындау</li> <li>• ресурстарды нәтижесіз қолдану</li> <li>• бірігіп жұмыс істеуі шамалы</li> <li>• команда үйлесімділігі шамалы</li> <li>• шешім қабылдауы қиындаған</li> </ul>
	1	<ul style="list-style-type: none"> <li>• команда мүшелерінің өз рольдерін орындамауы</li> <li>• тапсырма орындауда команданың іштен қолдауы жоқ</li> <li>• ресурстарды қолданбау,</li> <li>• жұмыс істеуде бірлік жоқ</li> <li>• команда селқостығы</li> <li>• шешім қабылдауы жоқ</li> </ul>

5-өте жақсы

3-орта деңгейде

1-төмен деңгейде

### Әдебиеттер:

#### Неізгісі

1. Руководство по скорой медицинской помощи + CD/ под ред. Багненко С.Ф., Верткина А.Л., Мирошничко А.Г. – М., 2008, 43-54с.
2. Верткин А.Л. Скорая медицинская помощь: руководство для врача. – М., 2007, 56-68 с.

#### Қосымша әдебиеттері:

3. Руководство по скорой медицинской помощи. Ред. С.Ф.Багненко, А.Л.Верткин, А.Г.Мирошничко, М.Ш.Хубутя. ГОЭТАР-медиа 2007. – 35-80с.
4. Сумин С.А. Неотложные состояния. – 6-ое издание. –М. – МИА. -2006. – 350-363 с.

**Кері байланыс сауалнамасы**

Студенттің Ф.А.Ә.: \_\_\_\_\_

Топ: \_\_\_\_\_

Мұғалімнің Ф.А.Ә.: \_\_\_\_\_

Сабақ жүргізген күні: \_\_\_\_\_

Сабақ тапсырмасы: \_\_\_\_\_

Студенттің ойы: \_\_\_\_\_

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---